

«МАРАТ ОСПАНОВ атындағы

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
имени МАРАТА ОСПАНОВА»

030019, Ақтөбе қаласы, Маресьева көшесі, 68

e-mail: info@zkmu.kz web: zkmu.kz
тел: 8(7132) 56-34-25, факс: 8(7132) 56-32-01

030019, г. Ақтөбе, ул. Маресьева, 68

e-mail: info@zkmu.kz web: zkmu.kz
тел: 8(7132) 56-34-25, факс: 8(7132) 56-32-01

ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА

№ 2

Ақтөбе қ.
22.05.2024 ж

г.Ақтөбе

Терминологиялық жұмыс тобының мәжілісі
Төраға: Баубеков Ж.Т.
Хатшы: Утарғалиева Ш.Ш.

Қатысқандар: Жакиев Б.С., Зиналиева А.Н., Жайлыбаев М.С., Сабитбекова М.М., Рамазанова А.А., Токбаева К.К., Нурманов К.Ж., Молдин Б.А., Калиев А.Р., Раманкулова А.Б., Артықбаева М.А., Молдашева Л.Ж., Нургалиева Ж.Ж., Ураз Р.М., Базарғалиев Е.Ш., Бисалиев Б.Н., Қожабекова Ж.Қ., Ерназарова Ж.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің оқытушылары С.Н.Ділмағамбетов, Ж.Ж.Ғұмаровалардың «Биоорганикалық химия» оқу құралын баспаға ұсыну туралы

Ерназарова Ж.А. Университет оқытушылары С.Н.Ділмағамбетов, Ж.Ж.Ғұмаровалардың дайындаған «Биоорганикалық химия» оқу құралын тексеріп шыққандығын, медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне медициналық химия пәні бойынша практикалық сабақтарға, студенттің өзіндік жұмыстарын орындау үшін және емтиханға дайындалуға көмекші құрал екендігін айтты. Тексеру барысында кеткен қателер уақытында түзетілгендігін, бекітілген терминдердің қолданылғандығын, талаптарға сай жазылғандығын, баспаға беруге лайықты екендігін айтты.

Утарғалиева Ш.Ш. Жазба жұмысымен танысып шыққандығын, тексеру барысында грамматикалық, пунктуациялық, стильдік қателер дер кезінде түзетілгендігін айтты. Студенттерге түсінікті тілде жазылған, орфографиялық, стильдік нормалар сақталынған. Мемлекеттік тілде жазылған еңбек сапалы жазылғандығын, баспаға ұсынуға лайықты екендігін айтты.

Жайлыбаев М.С. Оқу құралы жоғары оқу орны студенттерінің оқу үрдісінде пайдалануға ұсынуға болады және сабақ барысында көмекші құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Баспаға ұсынуға лайықты деп бағалайтындығын айтты.


Раманкулова А.Б. Теориялық материалдың көлемі және оның орналасу реті мен материалдарды пайымдау деңгейі медициналық жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқылатын «Биоорганикалық химия» пәнінің бағдарламасына сәйкес келеді. Қолжазба жеңіл стильде жазылып, грамматикалық заңдылықтар сақталғандығын айтып, баспаға ұсынуға болатындығын айтты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің оқытушылары С.Н.Ділмағамбетов, Ж.Ж.Ғұмаровалардың «Биоорганикалық химия» оқу құралын жазу барысында терминдер орынды қолданылған, қазақ тілінің заңдылықтары сақталынған, барлық талаптарға сай деген қорытынды жасалынып, баспадан шығарылуға лайықты деп есептелінсін.

22.05.2024

Төраға:  Баубеков Ж.Т.

Хатшы:  Утарғалиева Ш.Ш.

Н Қ БҚМУ 05-02-05-19. Хаттама. Бірінші басылым.
Ф П ЗКМУ 05-02-05-19. Протокол. Издание первое.